

**№18 колледждегі Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп
жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылау
мақсатында өткізілген жиналыстың**

Хаттамасы №5

Өткізілген күні: 28.07.2023 жыл

Қатысқандар:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жөніндегі жұмысшы топ;
2. Әлеуметтік әріптес, «Шұбар» ӨК төрағасы; А.Оспанов
3. Шұбар аумағы әкімінің орынбасары; М.Қаржауов
4. Ата-аналар комитетінің төрайымы; Г.Байтас
5. Шұбар ауылдық учаскелік инспекторы; Қ.Еркінбеков

Күн тәртібінде:

1. **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру.**
Жұмыс тобының жетекшісі: А.Серікбай
2. **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша жазылып жатқан ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАНЫ**
талдау

Жиын мүшелері

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша жұмыс тобының жетекшісі А.Серікбай Ішкі талдау барысы және нәтижелері туралы есепті назарға алуды сұрады.

2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5- тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығына сәйкес №18 колледжі МКҚК-на сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2023 жылдың маусым айының 23 мен тамыз айының 07 күндері аралығы етіп бекітілгенін хабарлады. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау;
2. Мемлекеттік қызметтер көрсету;
3. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстармен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша Шұбар аумақ әкімінің орынбасары М.Қаржауов өз сөзінде талдамалық анықтамамен танысып шыққанын айта келе, 2022-2023 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс 163 адам болғанын,

ал, биылғы 2023-2024 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс 250 орынды бөлу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алуы мүмкін бе? - деп сұрады. Бұл сұраққа қабылдау комиссиясының төрағасы, колледж директоры Ж.Ақтөре: Құжаттарды қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болуы мүмкін емес. Себебі құжаттар Smart бағдарламасы негізінде онлайн түрде қабылданып нәтижесі талапкердің білімі жөніндегі орта балы негізінде белгілі болады. Сондықтан бұл жерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болмайды.

Келесі сөзді әлеуметтік әріптес «Шұбар» ӨК төрағасы А.Оспанов: колледж ішінде орын алған тәуекелдерді жою және жемқорлыққа жол берілмеу үшін мекеме басшысы ашық әрі жария жұмыс жасау қажет екендігін ескертті, сонымен қатар жұмыс тобының атқарып жатқан жұмысын құптарлық деп тапты.

Қоғамдық ұйымдардың және әлеуметтік серіктестіктердің мамандары колледжде жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жан-жақты танысты, жұмыс тобының жұмысын қанағаттанарлық деп тапты.

Қаулы :

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстары жүйелі әрі үздіксіз жүргізілсін. Орындалуы колледждің комплаенс-офицері А.Серікбайға жүктелсін
2. Студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары сапалы түрде жүзеге асырылсын. Орындалуы «Саналы ұрпақ» клубының жетекшісі, қазақ тілі пәнінің оқытушысы Қ.Даумековке жүктелсін.
3. Ұжымның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамаларымен таныстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін. Орындалуы кадр бөлімінің меңгерушісі міндетін атқарушы А.Беспаеваға жүктелсін.
4. Осы жиналыстың барысы туралы мәлімет колледждің сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларына жариялансын.



Жиналыс төрағасы: _____

А.Серікбай

Хатшы: _____

Г.Ташматова